

**8D06103 – «Management information systems» білім беру бағдарламасы бойынша
 философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ыбытаева Галия Сейткалиевнаның
 «Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық
 жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
 РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертацияның тақырыбы (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: <u>1) Диссертация мемлекеттік бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі)</u> 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері 2021-2023 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ қаржыландырылатын «Онтологиялық тәсіл негізінде көптілді құқыққа қайшы веб-контентті автоматты іздеу және талдау жүйесінің ақпараттық моделі және -бағдарламалық құралы» тақырыбы бойынша АР09259309 ЖТН гранттық зерттеулер жобасы аясында орындалды. Жобаның ғылыми жетекшісі Ақпараттық және есептеу технологиялар институты директорының орынбасары, PhD, қауымдастырылған профессор Мамырбаев Оркен Жумажанович.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды және оның маңыздылығы жақсы ашылған/ашылмаған	Диссертациялық жұмыс құқыққа қайшы көптілді интернет-контентті автоматты түрде іздеудің және талдаудың ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу міндетін шешуге елеулі үлесін қосады. Ғылымға қосқан үлестің маңыздылығы мен өзектілігі диссертацияда толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) Дербестік жоқ	Ізденушінің өзі жазу деңгейі жоғары. Ізденушінің жеке жұмыс атқаруы жөнінде зерттеу нәтижелері бар, жарияланымдардың саны мен сапасы, оның ішінде ғылыми журналдардағы мақалалар мен халықаралық конференциялардағы баяндамалар, авторлық куәліктері, енгізу актісі куәландырады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық зерттеудің өзектілігі толығымен негізделген деп есептеймін. Қазіргі уақытта көптілді құқыққа қайшы интернет-контентті автоматты түрде іздеу және талдау

			жүйесінің тиімді әдістері, модельдері мен бағдарламалық құралдарының қажеттілігі ерекше өзекті болып табылады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды;</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны оның тақырыбын толығымен айқындайды. Зерттеудегі бөлімдер бір-бірімен өзара байланыста жазылған. Диссертацияда кіріспе, теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерін сипаттайтын төрт негізгі бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар бар.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде көрсетілген мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толық сәйкес келеді.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен қағидалары логикалық тұрғыдан өзара байланысқан: 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан толығымен байланысқан. Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Диссертацияның бөлімдері зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдістері мен нәтижелерінің дәйекті сипаттамасын қамтиды.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидалар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста автор белгілі шешімдермен салыстырғанда дәлелденген және бағаланған жаңа ғылыми, әдістемелік және техникалық шешімдерді ұсынды. Өзірленген технологияның тиімділігінің эксперименттік дәлелі де сипатталған. Өзірленген технологияның тиімділігін оқиғаларды бақылаудың басқа тәсілдерімен салыстыру келтірілген. Жұмыста қолданылатын онтологиялық тәсіл деректерді тиімді құрылымдау мен классификациялауды қамтамасыз ететін семантикалық желілер түрінде құқыққа қайшы контент туралы білімді формалдауға мүмкіндік береді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидалар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста сипатталған ғылыми нәтижелер мен қағидалар толығымен жаңа болып табылады, олардың жаңалығы Scopus және Web of Science базаларымен деректер қорына кіретін басылымдардағы, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдардағы, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарындағы мақалалармен расталады.

		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Әр бөлімнен кейін және қорытындыда келтірілген диссертацияның барлық тұжырымдары толығымен жаңа. Олар жеткілікті түрде дәлелденген, өйткені олар ізденушінің теориялық және эксперименттік зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған техникалық шешімдер толығымен жаңа және негізделген, аналогтары жоқ, бұл отандық және шетелдік әзірлемелермен салыстыруымен расталады.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижесінде алынған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан маңызды дәлелдерге негізделген. Олар теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелеріне сүйенеді.</p>
7.	Қорғауға шығарылатын негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p>	<p>Қорғауға шығарылған диссертацияның әрбір қағидаты ізденуші жүргізген теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелерімен толық дәлелденген. Қорғауға ұсынылған диссертацияның барлық қағидаттары түпнұсқа, тривиалды емес. Диссертацияның қорғауға шығарылған тұжырымдары жаңа болып табылады, диссертация тақырыбы бойынша зерттеу нәтижелері басқа әдебиеттерде бұрын сипатталмаған. Ізденуші алған нәтижелерді тәжірибе жүзінде кеңінен пайдалануға олады. Диссертация тақырыбы бойынша 11 мақала жарияланған, оның ішінде 3 Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, 2 мақала Scopus және Web of Science базаларымен деректер қорына кіретін басылымдарда, 3 баяндама Scopus базасына енетін халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинақтарында және 3 мақала өзге конференцияларда жарияланған.</p>

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ізденуші зерттеу әдістемесін таңдауы толығымен негізделген және оны диссертацияда толығымен сипаттаған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру үшін жұмыста компьютерлік технологияларда және математикалық талдаудағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, ізденуші зерттеу нәтижелерін алған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, әдістер, модельдер және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер 161 атаудан тұратын нақты, өзекті және тақырыпқа сай ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертациялық жұмыста әдебиет көздеріне жеткілікті дәрежеде әдеби шолуы жүргізілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ	Ізденуші ұсыған диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Алғаш рет ізденуші ұсынған құқыққа қайшы көптілді мәтіндік ақпаратты іздеуге және талдауға арналған модельдер мен әдістерді егжей-тегжейлі талдау жүргізіліп, олардың кемшіліктері анықталған. Теориялық және эксперименттік зерттеулердің нәтижелері үлкен теориялық мәнге ие.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ;	Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесі үлкен практикалық мәнге ие. Алынған нәтижелер Жетісу

		2) жоқ	облысының Полиция департаментінің Криминалдық полиция басқармасына енгізілген.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Онтологиялық тәсіл негізінде көптілді құқыққа қайшы интернет-контентті автоматты іздеу және талдау жүйесінің бағдарламалық құралы, ұсынылған әдістемесі жаңа болып табылады. Өзірлеген онтология авторлық куәлікпен расталады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазудың сапасы жоғары. Диссертация сауатты жазылған, ғылыми-техникалық ақпаратты ұсыну стилі түсінікті, кәсіби тұрғыдан дұрыс.

Диссертация бойынша ескертулер мен ұсыныстар:

1. Диссертацияда ұсынылған әдебиетке шолу барысында авторлардың аты-жөндерінің бірінші әріптерін көрсеткен жөн.
2. Диссертацияда кейбір грамматикалық қателерді байқауға болады.

Қорытынды

Көрстеліген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы оң бағасын төмендетпейді. Ыбытаева Галия Сейткалиевнаның «Онтологиялық тәсіл негізінде құқыққа қайшы мәтіндік ақпарат мониторингінің ақпараттық-талдамалық жүйесін әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толық көлемде орындалған, жұмыстың жаңалығы мен өзектілігі бар PhD диссертациялық жұмыстарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді, сондықтан ізденуші Г.С. Ыбытаеваны 8D06103 – «Management information systems» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ресми рецензент:

**т.ғ.к., PhD, қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің Басқарма мүшесі –
Цифрландыру жөніндегі проректор - Цифрлық офицер**

«10» мамыр 2024

Г.Т. Бекманова

